



Автор: Дабылбаева Акбота Галымжановна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Менің мектебім

Тақырып: Хабарлы сөйлем

сабақ мақсаты	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте) қою. 2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу.
---------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақ басы (7 мин)	Оқушылармен үш тілде амандасу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ашық аспан болсын! Әр күніміз біздің Сәттілікке толсын! Қазақ тілі пәнінен Білмегенді білейік Үйренейік, күлейік! Топқа бөліну. Бірінші, екінші, үшіншіге саналып топқа бөлінеді. Ширату тапсырмалары: ҰЖ: «Зымыран сұрақтар» әдісі. 1-сұрақ.Сөйлем дегеніміз не? 2-сұрақ.Сөйлем соңында қандай тыныс белгісі қойылады? 3-сұрақ. Айтылу мақсатына қарай сөйлемнің түрлерін ата. Дескрипторы: -сөйлемге анықтама береді. -сөйлем соңына қойылатын тыныс белгісін атайды. - айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін ажыратады. Мұғалім түсіндірмесі. Хабарлы сөйлем.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақ ортасы (28 мин)	1-бағалау критерийі: Мәтін мазмұны негізінде сұрақтар құрастырып, жауап береді, сөздердің байланысын табады. ТЖ: «Сұрақ- жауап» әдісі. Дескриптор: - мәтінді оқиды; - мәтін соңындағы сұраққа жауап береді. - сөздердің байланысын табады. ҰЖ: «Суретпен жұмыс» әдісі Дескриптор: -сурет бойынша шағын мәтін құрастырады. -мәтін мазмұны негізінде сұрақ құрастырады. -сұрақтарға жауап береді. -сөздердің байланысын табады. ЖЖ ҚБ: «Жұппен жұмыс» әдісі. Үзіліс ережелері. Оқушылар сабақ уақытында және үзіліс кезінде өзін өзі тәртіпті, таза ұстауға міндетті. Үзіліс кезінде де, сабақ уақытында да сыныпта айғайлап сөйлеуге, қатты күлуге болмайды. Қасыңдағы достарыңның демалуына кедергі келтірмеуің керек. Әрқашан әдепті оқушы болуға талпынуың қажет. Дескриптор: - мәтінді оқиды. - мәтін мазмұны бойынша бір сұрақ құрастырады. - жұбының сұрағына жауап жазады. - мәтіндегі үзіліссөзінің байланысын табады. Саралау. Қарқыны бойынша саралау. Қарқыны жоғары, қолдауды аз қажет ететін жұптарға. Сурет бойыншаүзіліс кезінде демалуға арналған ережелер құрастыруға тапсырмаберемін. Қарқыны төмен, қолдауды көп қажет ететін жұптарға мәтінбойынша сұрақтарға жауап беруге, қарамен жазылған сөйлемдердіңбайланысын табу кезінде «сөздердің байланысуы дегеніміз не?», «сөздерқалай байланысады?» деген сұрақтар қою арқылы бағыт- бағдар беремін. Бағалау. -Мәтін мазмұны негізінде сұрақ құрып, жауап берсе, сөздердіңбайланысын тапса қоңыраумен бағалаймын. -Мәтін мазмұнынегізінде сұраққа жауап бере алады, сөздердің байланысын табудақателессе қоңыраумен бағалаймын. -мәтін мазмұны негізіндесұрақтарға толық жауап бермесе, сөздердің байланысын табуда қателессе қоңыраумен бағалаймын. Сергіту сәті: Бір- аяқтың ұшымен тұружәне күлу, Екі -қолды жоғары көтеру және созылу, Үш -жиырылу жәнекерілу, Төрт- бәрін қайтадан бастаймыз. Бес- қолды белге қоямыз, Алты-денемізді бұрамыз, Жеті - терең дем аламыз, Сегіз -біз бір рет отырамыз Тоғыз- орнымыздан бір рет секіреміз Он- сабағымызды жалғастырамыз. 2-бағалау критерийі: Хабарлы сөйлемдегі сөздердің байланысу жолынтабады, сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісі нүкте қойып жазады. ЖЖ: «Кім жылдам?» әдісі. -Ануар сабақтан кешікпейді -Біз қалаға -Әселтапсыраны толық орындады -Жалғыз аяқ жолмен -Жомарт ән айтады -Оқушылар демалыста саяхатқа Дескриптор: - аяқталған ойды білдіретін сөйлемдерді табады. - тиісті тыныс белгілерін қойып, жазады. - сөйлемдегі сөздердің байланысу жолын анықтайды. ӨЖ: «Кім білгір » әдісі. Саралау: Тапсырма бойынша саралау (оқушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, тапсырма бойынша саралау.) 1- тапсырма дескрипторы: (қарқыны жоғары) - сызба бойынша хабарлы сөйлем құрастырады. - байланысу жолдарын табыңдар. - тыныс белгісін қояды, дәптерге жазады. 1. 2. 3. 2-тапсырма дескрипторы: (қарқыны орташа) - сөйлемдерді аяқтайды. -тыныс белгілерін қояды, дәптерге жазады. - байланысу жолдарын табыңдар. 1.Әмір ертегісін жақсы көреді 2.Мен өскенде болғым келеді 3.Жанат мектепке барғанды 3-тапсырма дескрипторы: (қарқыны төмен) -сөйлемдер арасынан артық сөзді алып тастайды. - тыныс белгісін қойып, дәптерге жазады. - байланысу жолдарын табыңдар. 1.Күз айларына қаңтар, қыркүйек, қазан, қараша айлары жатады 2.Жігер алма, алмұрт, банан, сәбіз жемістерін алды 3.Қыс мезгілінің ауа райы салқын, ыстық, қарлы болады ТЖ. «Оқы, тап, жаз» әдісі 1-тапсырманың дескрипторы: -өлең жолын оқиды. -хабарлы сөйлемдерді табады - хабарлы сөйлемдерді дәптерге жазады. Күз. Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді. 2-тапсырманың дескрипторы: -мәтінді оқиды. -тыныс белгілерін қояды, дәптерге жазады. -сөздердің байланысу жолын табады. Күз. Алтын күз келді Жапырақтар сарғаяды Күзде күн салқындайды Барлық жан жануарлар, жәндіктер қысқы ұйқыға кетеді Құстар жылы жаққа ұшады Күздің сұлулығына көзің тоймайды. 3- тапсырманың дескрипторы: -сөйлемдерді мұқият оқиды. -сөйлемдердің ішінен хабарлы сөйлемдерді ажыратады. -хабарлы сөйлемдерді дәптерге жазады. Күз айы қандай керемет! Күзде жапырақтар сарғаяды. Күз айларына қандай айлар жатады? Асан күзгі демалыста ауылға барады. Күзде ауылдың ауа - райы тамаша! Күз мезгілі маған қатты ұнайды. Саралау: Диалог және қолдау(кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында көмек қажет болады. Сол көмек қажет болған оқушыларға сөзбен қолдау көрсетіп, ынталандыру жұмыстарын жүргіземін.) ҚБ: ЖЖ. «Көршіңмен кеңес» әдісі. - Арман барды балабақшаға - сарғаяды	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақ соңы (5 мин)	Рефлексия : «Мен бастаймын сен жалғастыр» әдісі. Сөйлем аяқталған Сөйлем сөзден..... Сөйлемдегі сөздер..... Сөйлем соңына..... Хабарлы сөйлемнен кейін...	